

Historiography of the events of the traditional silent on its effect for the historical fate of Christian civilization.

This article shows that the unresolved problem is to show

the history of the 4-th crusade as an expression of deep crisis of the peasant movement which resulted in the largest orthodox nation.

*Б. Нұрғали*

## ҚАЗАҚСТАН ҒАЛЫМДАРЫНЫҢ ҚЫТАЙ ТУРАЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕРІ ЖӨНІНДЕ

### Дүниежүзіндегі қытай зерттеу жағдайы

Дүниежүзінен алып айтқанда, Батыс елдерінде қытайтану ғылымы екі ғасырдың алдында қалыптасқан. Соңғы жылдары Қытай экономикасының қарқынды дамуына байланысты, әлемде қытайтануға қызығушылық қатты қызып келеді. Бір ғана АҚШ-тың өзінде жоғары оқу орындарындағы қытайтанушылар мен АҚШ президентінің ұлттық қауіпсіздік мәселелері бойынша арнайы кеңесшілеріндегі қытайтанушыларды қосқанда, ұзын саны 3000 маман қытайды зерттеумен шұғылданады. Ал АҚШ-тың Орталық барлау басқармасы, Қорғаныс министрлігі саласындағы қытай мәселелерін сараптаумен айналысатындардың саны 2000-ға жуықтайды. Демек, бір ғана АҚШ-та бес мыңдай адам арнайы түрде қытайды зерттеумен шұғылданады.

Ал қытайтанудың үлкен ошақтары саналатын Англияның Оксфорд, Кембридж, Лондон университеттерінде қытай зерттеу жүйесі екінші дүниежүзілік соғысқа дейін қалыптасқан. XX ғасырдың 60-жылдарынан бастап әлемнің әр елінде қазіргі заманғы қытай мәселелерін зерттейтін ғылыми орталықтар көптеп құрылды. Өткен ғасырдың 90-жылдарынан бастап Германияның қытайтанушы ғалымдары өздерінің бұрыннан келе жатқан дәстүрлі қытай мәдениеті, философиясы, тарихы және тіл-әдебиетін зерттеу негізінде Қытайдың қазіргі заман әлеуметтік мәселелеріне ден қоя зерттеуге ойысты. АҚШ-тың Джордж Вашингтон саяси ғылымдар және халықаралық қатынас институтының професоры, белгілі ғалым David L Shambaugh әлемдік қытайтану зерттеулеріне тоқталғанда: «Қазіргі таңда дүниежүзінде қытай мәселелерін зерттеу жағдайы біркелкі емес. Меніңше, бұл салада АҚШ бірінші орында, Австралия екінші, Корея үшінші, Англия төртінші, Жапония бесінші, Үндістан алтыншы, Германия жетінші орында тұр» [1], - деп

бағалаған екен. Біздіңше, Ресей Федерациясының қытай зерттеу деңгейін төмен деуге болмайды. Өйткені оларда қытайтану – синологияның екі ғасырдан аса тарихы және қалыптасқан зерттеу дәртүрі бар. Оның үстіне қазір Ресей Ғылым академиясы мен жоғары оқу орындарында он шақты қытайды зерттеумен шұғылданатын ғылыми зерттеу орталықтарының жұмыс істейтін мамандарының жалпы саны бір мыңға жуықтайды. Соның ішінде Ресей Ғылым академиясы Қиыр-Шығыс институтының күші мығым. Олар көбінесе жаңа және қазіргі заман Қытай тарихын, ішкі-сыртқы саясатын, әлеуметтік-экономикалық жағдайын, халықаралық қатынастарын зерттеп, құнды ғылыми еңбектер жариялаумен әлемге белгілі. Бұдан сырт, Ресей Ғылым академиясының жанындағы Халықаралық экономика және саясат зерттеу институты, Мәскеу Мемлекеттік университетінің жанындағы Азия-Африка институты, Ресей дипломатиялық институтының жанындағы қазіргі заман халықаралық мәселелерді зерттеу орталығы, Ресей Федерациясы стратегиялық зерттеулер институты да қытайдың өзекті мәселелері бойынша зерттеулер жүргізеді.

КСРО ыдырағаннан кейін ресейлік қытайтанушы ғалымдар бұрынғы Қытай-Кеңес қарым-қатынастарын жаңа көзқарас бойынша қайта қарап, екі мемлекет байланыстарындағы беймәлім оқиғалардың сырын ашатын жаңа деректерді жариялады. Сондай-ақ олар Қытайдың экономикалық реформасы мен жаһандану процесіне үлкен қызығушылық танытып, сүбелі зерттеу еңбектерін жариялап келеді. Бұған мысал ретінде өткен ғасырдың соңында Қиыр-Шығыс институтының ғалымдары дайындап баспадан шығарған «Китай на пути модернизации и реформ (1949-1999) («Қытай модернизация және реформа жолында (1949-1999)»)» атты көлемді еңбекті ерекше атап айтуға тұрады.

Онда Ресей ғалымдары сан-салалы ғылымды өзара ұштастыра отырып, Қытайдың 50 жылдық ізденісі мен қол жеткізген табыстарына объективті түрде талдаулар жасап, қытайдың өткені мен бүгінгі даму деңгейіне тарихи динамикалық тұрғыдан ғылыми қарастырған. Бұл еңбекті ХХІ ғасыр басындағы Ресей ғалымдарының қытайды зерттеудегі биік деңгейін көрсететін дүние деуге болады. Аталған еңбектің соңына қосымша дерек ретінде, 1989-1999 жылдары Кеңес елдерінде және Ресейде қытайға қатысты жарық көрген 473 еңбектің тізімі берілген. Мұның өзі ресейлік қытайтанушылардың зерттеу нәтижесін көрсететін бағалы дүние болып табылады. Ресей Ғылым академиясының Қиыр-Шығыс институты әр жылы академик М.Т. Титаренконың жетекшілігімен «ҚХР: саяси және экономикалық дамуы («Китайская Народная Республика: политическое и экономическое развитие») жылнамасын шығарып келеді.

2006 жылы Ресейде баспадан шыққан М.Т. Титаренконың «Қытайдың 1998-2050 жылға дейінгі супериндустриялық мемлекетке айналуы стратегиясы», «Стратегия превращения Китая в супериндустриальное государство (1998-2050)» атты еңбек өте қызықты. Бұл еңбекте Қытайдың саяси-экономикасының дамуы мен дипломатиялық қатынастарының беталысына жан-жақты талдаулар жасап, болашағына болжамдар айтылған.

Міне, осындай зерттеулерден әлемдік зерттеулердің қытайдың қазіргі жағдайын зерттеу негізінде оның болашақ дамуына болжам жасауға қарай бет алып бара жатқанын байқауға болады.

*Қазақстандағы қытай зерттеу жағдайы.* Қазақстанда Қытай туралы зерттеу еңбегін ХІХ ғасырда ең алғаш жазған адам - Ш.Ш. Уәлиханов (1835-1865 ж.). Әлемдік ғылымға қомақты үлес қосқан алғашқы қазақ ғалымы. Өзінің асқан талантымен, білімпаздығымен, көпқырлы ғылыми білгірлігімен және интеллектуалдық тереңдігімен орыстың зиялы қауымын ғана емес, сонымен қатар Еуропа мәдениетін таңдай қақтырып, тәнті етті. Ш.Ш. Уәлиханов 1855 жылы Г.Х. Гасфортпен бірге Орталық Қазақстанға Жетісу мен Тарбағатайға жүргізілген ғылыми экспедицияға қатысты. 1856 жылы Ыстықкөл бассейніне, Алатау қырғыздарына және Қытайдың Құлжа өңіріне зерттеулер жүргізді. 1858-1859 жылдары аралығында Қашқарияға саяхат жасады. Осы экспедиция сапарынан ғалым көптеген құнды еңбектер жазды. Соның ішінде «Алтышар немесе Қытай провинциясы Нан-Лудын (Кіші Бұхария) алты

шығыстың қалаларының 1858-1859 жылдардағы жағдайы» атты ғылыми еңбегі – қазақстандықтардың қытай зерттеу саласындағы тұңғыш еңбегі. Ол еңбекте автор Қытай билігіндегі Шығыс Түркістан халықтарының тарихын, географиялық жағдайы мен әлеуметтік құрылысына терең зерттеу жүргізген құнды еңбек болуымен ХУІІІ-ХІХ ғасырдағы Ресей және әлем ғалымдарының Цин империясы үстемдігіндегі халықтардың қоғамдық өмірін зерттеудегі олқылықтарын толықтырды [2].

Қазақстанда кеңестік кезеңде қалыптасқан қытайтанушы ғалым, тарих ғылымдарының докторы К.Ш. Хафизованың тәуелсіздік кезеңінде баспадан шығарған «Китайская дипломатия в Центральной Азии (ХУІІІ-ХІХ вв.)» және «Казахская стратегия Цинской империи» [3] атты ғылыми кітаптары қытайтану саласындағы сүбелі еңбек болып табылады. Автор бұл еңбектерінде, негізінен, Қытайдың және Ресейдің аса құнды мұрағат деректерін кеңінен саралап қолданғандықтан, жұмыстың ғылыми құндылығы арта түскен. Бұл еңбектерден Қытайдың Орталық Азиядағы дәстүрлі дипломатиясын, Цин империясының қазақ хандығымен қарым-қатынасын, Қытайдың дипломатиялық этикеттерінен қызықты мағлұматтар алуға болады. Зерттеуші Қазақстанның Ресейге отарланғанға дейінгі кезеңде Цин патшалығының қазақтарға ұстанған сауда саясаты мен әскери-саяси жоспарын атқаруы Орта Азиядағы қазақ және басқа халықтардың экономикалық дамуына көп жағымды ықпал жасамады деген тұжырым жасайды [4]. Сонымен қатар автор аталмыш еңбегінде Қазақ хандығының Абылай, Уәли, Нұралы, Әбілфейіз сияқты ел басшыларының екі империямен қалыпты қатынасты сақтап, өзінің ұлттық тәуелсіздігін қорғауға, жерін бүтіндеп, халқын біріктіруге ұмтылыс жасағанын тарихи деректермен дәлелдеген.

Қазақтар мен қытайлар арасындағы қатынасты зерттеуде болсын әлде қазақ тарихын зерттеуде болсын қытай жазба деректерін пайдаланудың маңызы ерекше. Еліміз тәуелсіздік алған алғашқы жылдары Қытайдан Отанға оралған тарихшы ғалымдар осы салада айтарлықтай ғылыми жұмыстар жасады. Солардың ішінде тарих ғылымдарының докторы, профессор Нәбижан Мұқаметханұлының еңбегін бөліп-жарып айтуға тиіспіз. Ол қытайдың мұрағат құжаттарын түпнұсқадан жүйелі түрде сараптап пайдаланып жазған «ХУІІІ-ХІХ ғасырлардағы қазақ-қытай байланыстары» [5] атты ғылыми еңбегі Қазақстанда тұңғыш жазылған қазақ-қытай қарым-қатынастар тарихы

болып табылады. Бұл еңбекте автор ғылыми айналымға түспеген қытайдың орда күнделік хаттамаларына негізделі отырып, Абылай хан ұстанған ішкі-сыртқы саясаты, ұлттық мемлекеттік территориясын қалпына келтіру әрекеті, Цин патшалығымен орнатқан дипломатиялық қатынастары мен сауда-экономикалық байланыстары, қазақтың шығыстағы атамекеніне шаруаларды қайта оралту тәсілдері пайымдалып, Цин империясының қазақтарға және Орта Азия халықтарына қолданған саясатының сипатына анықтама беріп, екі ел қатынастарының қалыптасу, даму және аяқтау процесін ашып көрсетілді. Академик Манаш Қозыбаевтың аталмыш еңбек туралы: «Автор қазақтардың екі елге бөлініп, бодандық қамытын киюінің күрделі сыр сипатын терең тануға мол дерек көздері арқылы берік негіз қалады. Сонымен, қазақтар тәуелсіз ұлт ретінде Қытаймен белгілі заң ережелер негізінде дербес дипломатиялық қарым-қатынас орнатты» [6], - деген бағасын берген.

Н. Мұқаметханұлы Қазақ-Қытай қарым-қатынастарын жалғасты түрде зерттеп келеді. Оның соңғы кезде (2010 жылы) жарық көрген «Дипломатиялық қатынастар және қытайтану мәселелері» [7] атты монографиялық зерттеулері ХҮІІІ ғасырдан ХХІ ғасырдың басына дейінгі екі ел қатынастарының қалыптасу, даму, өзгеру және жоғары деңгейге көтерілуіндегі өзекті мәселелердің бай деректеріне сүйене отырып, терең талдау жасап пайымдайды.

Зерттеуші ғалым аталмыш еңбегінде, тарихи жазба деректерге жүгінетін болсақ, Абылай ханның сыртқы саясаты мен экономикалық байланыстары, жалпы қазақ халқының тұрмыстық жағдайын жақсартуға, мемлекеттік күшқуатын арттыра түсуге бағытталған. Сондықтан қазақ-қытай арасындағы айырбас сауда алымсалықсыз жүргізіліп, қазақ қоғамында саудагер топтары қалыптасып, мал шаруашылық өндірісін дамытып, қазақ халқының жан-жақты дамуы мен Қазақ хандығының қайта көркею кезеңі жарыққа шықты деп тұжырымдайды [8].

Ғалымның Қытайда қазақ қоғамының қалыптасуы және олардың қоғамдық құрылымдары мен әлеуметтік шаруашылық және мәдени өмірін зерттеген «Қытай қазақтарының қоғамдық тарихы (1860-1920 ж.)» [9] атты монографиясы, аса құнды ғылыми еңбектердің бірі болып табылады. Автор ХҮІІІ ғасырдан бергі Еуразиядағы халықаралық саяси жағдайдың өзгерістері негізінде, қазақ халқының атамекен ұғымы мен Цин империясының территория түсінігіндегі қарама-қайшылықтарды салыстыр-

малы түрде талдау жасау арқылы Абылай ханның этнотерриторияны қалыптастыру саясаты мен қолданған тәсілін мол тарихи деректерге сүйене отырып ашып көрсетеді. Автор қазақ даласынан Қытай мен Ресейдің мемлекеттік шекарасын белгілеуі - біртұтас қазақ халқының екі елге бодан болуының зандасуы, бұл қазақ тарихындағы трагедия деп санайды. Сонымен қатар Қытай Цин империясына жерімен бірге ел болған қазақтардың қоғамдық құрылымдары мен әлеуметтік шаруашылық және мәдениеті дамуының өзіндік ерекшеліктерін, Қытайдағы қазақтардың басқа ұлттармен қатынасын, Қазақстанмен болған байланысын жүйелі түрде пайымдап, оларда ұлттық сана-сезімнің қалыптасуының саяси, мәдени себептерін тарихи фактілермен талдап дәлелдейді. Бұл қазақ тарихындағы аса күрделі кезеңді кешенді түрде зерттеген, көптеген тарихи күңгірт мәселелерді айқындап, қытайда қазақ қауымының қалыптасуы мен алғашқы кезеңде даму үдерісін ғылыми түрде түсіндірген құнды еңбек болып табылады.

Н. Мұқаметханұлының жоғарыдағы зерттеу тақырыбының жалғасы «ХХ ғасырдағы Қытайдың тарихи үрдісіндегі қазақтардың әлеуметтік дамуы» [10] деген еңбегінен көрніс тапты. Онда автор 1920 жылдан 2005 жылға дейінгі қытай қоғамының тарихи өзгеру даму үдерісінде қытайдағы қазақтардың әлеуметтік дамуын қарастырған. Әсіресе ХХ ғасырдың соңы мен ХХІ ғасырдың басында қытай қазақтарының дүп келіп отырған әлеуметтік мәселелерге жан-жақты талдау жасаған. Автор Қытай үкіметінің қолданып отырған ұлттарды ішкі біртұтастандыру саясатын сынаудан гөрі, Қазақстан одан үлгі алу керек деген көзқарас айтады.

Н. Мұқаметханұлының еңбектерінде қазақ диаспорасы, оралмандар мәселесі зерттеліп келеді. Ғалым оралмандарды Қазақстанға - қазақ ұлтына сырттан келер жаңа күш деп бағалап, оралмандардың рухани салада тіл, дін, діл және ұлттық болмысты қалпына келтіретін және дамытатын маңызды белсенді фактор деп түсіндіреді [11]. Демек, Н.Мұқаметханұлының ғылыми еңбектері ХҮІІІ ғасырдан ХХІ ғасырдың басына дейінгі қытайды және қытайға байланысты қазақ тарихы мен дипломатиялық қатынастарын зерттеумен ерекшеленеді. Әрине, Нәбижан Мұқаметханұлы ерте және орта ғасырдағы қазақ тарихына да қытай жазбалары негізінде зерттеу жүргізіп жүрген ғалым. Оның бұл саладағы маңызды еңбектері «Қазақ тарихының өзекті мәселелері» атты ғылыми мақалалар жинағына топтастырылған [12]. Бұл

жөнінде белгілі жазушы, тарихшы Бексұлтан Нұржеке өзінің «Жүз тұңғыш» атты еңбегінде: «Еліміздің тарихы сонау сақ, ғұн, үйсін, қаңлы заманынан басталатынын ерінбей, жалықпай дәлелдеп жүрген тарихшы – тарих ғылымдарының докторы, ғалым Нәбижан Мұқаметханұлы», - деген бағасын дұрыс деп ойлаймыз.

Қазақстанда көптен бері қытайтанумен айналысып жүрген белгілі ғалымдардың бірі - Нұржамал Алдабек. Оның «Россия и Китай: торгово-экономические связи в центрально-азиатском регионе XVIII-XIX вв.» [13] атты еңбегі Ресей мен Қытайдың экономикалық байланыстары және оның Қазақстанға тигізген ықпалын зерттесе, оның «Тарихы талқыға толы Шыңжаң» [14] атты ғылыми монографиясы Шыңжаң өлкесінің соңғы екі ғасырдағы күрделі тарихы мен тағдыры талданған. Зерттеуші Қытай мен Ресейдің осы өлкеде XVIII-XIX ғасырларда жүргізген саясаттарына жаңа зерттеу методологиясымен талдау жасап, бірқатар тың көзқарастар мен ғылыми тұжырымдарды түйіндейді.

Нұржамал Әбдіразаққызы қазіргі таңдағы Қытай Халық Республикасы мен Қазақстан Республикасы арасындағы өзекті мәселелердің бірі болған трансшекаралық өзендер мәселесін де зерттейді. Оның В.Т. Сарсенбековпен бірлесіп жазған еңбегінде «Международные сотрудничество Китая в области использования и охраны трансграничных рек» [15] деген мақаласында, Қазақстан, Қытай және Ресейдің ұлттық мүддесіне тікелей ықпал ететін трансшекаралық өзендерді тиімді пайдаланудың жолдары қарастырған.

Қазақстандық саясаткерлер Қытай Халық Республикасының экономикалық реформасы мен қазіргі жағдайын зерттеуге көбірек көңіл бөліп келеді. Осы салаға ең алғаш қалам тербеген зерттеуші Қуаныш Сұлтанов болды. Ол өзінің «Особенность реформы в Казахстане и Китае: сравнительный анализ» [16] атты докторлық диссертациялық жұмысында қытайдың реформа арқылы қол жеткізген ауыл шаруашылық, өнеркәсіп, сауда, инвестиция салаларындағы жетістіктеріне талдау жасай отырып, Қазақстан мен Қытай реформаларын салыстырып, олардың өзіндік ерекшеліктерін, ортақ тұстарын ғылыми түрде ашып көрсетеді.

Белгілі қазақстандық қытайтанушы ғылым К.Л.Сыроежкин де қытайға қатысты өзекті тақырыптарды зерттеп келеді. Ол өзінің «Проблемы современного Китая и безопасность в Центральной Азии» [17] деген еңбегінде Қытайдың соңғы жылдардағы нарықтық экономикаға өту барысында кездескен қиыншылықтарды,

тіпті қытайдың шешуіне қиын мәселелерге көбірек назар аударады. Автор Қытайдың теңіз жағалауындағы қалалар мен ішкі өлкелердің дамуындағы үйлесімсіздігі, қала мен ауыл арасындағы айырмашылықтарды, байлар мен кедейлердің, нарықтық экономикалық базис пен мемлекет институттарының қайшылықтары, Қытайдың ішкі мәселелерінің Орта Азия аймақтарының қауіпсіздігіне ықпалы сияқты күрделі мәселелерге талдау жасаған. Автор Еуропаның өткен ғасырдың 60-70 жылдарына азия-африкалықтардың көші-қонының жергілікті тұрғындардың кәсіптенуіне бәсекелес болуы, қоғамдық ауыртпалық қалыптастыруы, ұлттық қақтығыстарды тудыруы, қылмыстық топтардың пайда болуы, саяси экстремизм мен радикализмнің бас көтеруі сияқты мысалдарды көлденең тарта отырып, Орталық Азия өңіріндегі қауіпсіздік мәселелерін Шыңжаң мәселесімен байланыстырады, сондай-ақ Шыңжаңның ұйғырлары мен қазақтарының Қазақстанға көптеп кіру мүмкіндігі зор деп санаған [18]. Бұл арада саясаттанушы Елбасының оралмандар саясатын түсінбей, Қытайдағы қазақтар мен ұйғырларды бірдей санағаны байқалады. Автор «Жас Қазақ» газетінің 2009 жылы шілде айындағы «Ұйқыға батқан ұйғыр мәселесі» және «Қара қытай қаптаса» атты пікірталасында ұйғыр халқының тәуелсіз мемлекет құруы орынсыз деп өз көзқарасын ортаға қойған.

К.Л. Сыроежкиннің соңғы жылдары жарияланған «Китай: военная безопасность» [19] және «Казахстан-Китай: от приграничной торговли к стратегическому партнерству» [20] деген екі монографиясының өзіндік ғылыми маңызы бар деп санаймыз.

Біз жоғарыда еліміздегі жетекші қытайтанушы ғалымдардың жариялаған маңызды еңбектеріне ғана тоқталдық. Соңғы жылдары Қытай мен Қазақстан және Орталық Азия елдері арасындағы қарым-қатынастар тақырыбы бойынша бірқатар кандидаттық диссертациялардың қорғалғанын білеміз. Оларға болашақта жеке тоқталамыз.

Жалпы алып айтқанда, Қазақстан өз тәуелсіздігін алғаннан кейін отандық тарих ғылымында қытай зерттеу істері айтарлықтай дамып келеді деуге болады. Қытайды, қытай жазба деректерін зерттеу негізінде ұлттық тарихымыз бен қазақ-қытай қарым-қатынастарының тарихи үдерісі мен бүгінгі жағдайын зерттеген бірқатар құнды еңбектер жарияланды. Бірақ елімізде қазірге дейін бір де бір қытай зерттеу институты немесе орталық құрылмағандықтан, қытайтанудың өзекті ғылыми және практикалық мәселелері әлі жүйелі түрде зерттелмегені байқа-

лады. Сондықтан шетелдің қытайтану ғылымымен салыстыруға келмейді. Дегенмен елімізде қытайтану ғылымы қалыптасып келеді деуге негіз бар. Жоғары оқу орындарында қытай тілі сабағының өтілуі мен арнайы кәсіби мамандардың дайындалу үрдерісі басталып кетті. Сондықтан жақын болашақта осы бір жаңа ғылым саласынан үлкен нәтиже күтуге болады.

1. Қытай Ғылым академиясы газеті. 2010, 21 қыркүйек <http://news.sina.com.cn/w/sd/2010-09-21/120121147762.shtml>
2. «Шоқан Уәлиханов» көп томды шығармалар жинағы. Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігі «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы. - Алматы, 2010.- Т.3. - 424 б.
3. Хафизова К.Ш. Китайская дипломатия в Центральной Азии (XVIII-XIX вв.). - Алматы: Ғылым, 1995; Хафизова К.Ш. Казахская стратегия Цинской империи, Институт экономических стратегий-Центральная Азия, серия «Казахстан и мир». - Алматы, 2007.
4. Бұл да сонда. 90-94 бб.
5. Мұқаметханұлы Н. XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ-қытай байланыстары. - Алматы, 1996.
6. Қозыбаев М. Алғы сөз орнына [Тарихшы ғалым Нәбижан Мұқаметханұлының XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ-қытай байланыстары] атты еңбегі жайлы//Отан сақшысы. - 1998, 10 қаңтар. - № 1. - 36.
7. Мұқаметханұлы Н. Дипломатиялық қатынастар және қытайтану мәселелері. - А.: Тарих тағылым баспасы, 2010.
8. Бұл да сонда. 44-45 бб.
9. Мұқаметханұлы Н. Қытай қазақтарының қоғамдық тарихы (1860-1920). - Алматы, 2000.
10. Мұқаметханұлы Н. XX ғасырдағы Қытайдың тарихи

үрдісіндегі қазақтардың әлеуметтік дамуы. - А.: Қазақ университеті, 2006. - 168 б.

11. Бұл да сонда. 163-166 бб.
12. Мұқаметханұлы Н. Қазақ тарихының өзекті мәселелері. - Павлодар, 2010. - 312 б.
13. Алдабек Н.А. Россия и Китай: торгово-экономические связи в центрально-азиатском регионе XVIII-XIX вв. - Алматы: Қазақ университеті, 2001.
14. Алдабек Н.Ә. Тарихы талқыға толы Шыңжаң. - Алматы: Қазақ университеті, 2003. - 433 б.
15. Алдабек Н.А., Сарсембеков В.Т. Международные сотрудничество Китая в области использования и охраны трансграничных рек//Вестник КазНУ. Серия востоковедения. - 2006. № 3. - С.3-8.
16. Султанов К.С. Особенность реформы в Казахстане и Китае: сравнительный анализ: Автореф дис. д-ра полит. наука: 23.03.02. - Алматы, 2000.
17. Сыроежкин К.Л. Проблемы современного Китая и безопасность в Центральной Азии. Казахстанский институт стратегических исследований при Президенте РК. - Алматы, 2006.
18. Бұл да сонда. 258-259 бб.
19. Сыроежкин К.Л. Китай: военная безопасность. - Алматы. - 2008.
20. Сыроежкин К.Л. Казахстан-Китай: от приграничной торговли к стратегическому партнерству. Казахстан. ин-т стратег. исслед. при Президенте РК. - Алматы, 2010.

\*\*\*

Мақалада дүниежүзіндегі және Қазақстандағы Қытайды зерттеудің жағдайы сипатталған. Сонымен қатар Қазақстан ғалымдарының Қытай туралы зерттеулері камтылған.

\*\*\*

The article discussed the situation of Chinese studies in the world and in Kazakhstan. It also evaluated the Kazakhstani researchers' contribution to Chinese studies.